

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС. ЖАҒАНДЫҚ НАРЫҚТАҒЫ БӘСЕКЕ

Жаһандану

1-тарау. Жаһандану жағдайындағы халықаралық бизнес



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке
Тарау: 1. Жаһандану жағдайындағы халықаралық бизнес
Дәріс: 1. Жаһандану

BMW, Rolls-Royce және MINI жаһандануы

BMW немістің үш өндірістік компаниясының бірлестірі: Бавариядағы Rapp Motorenwerke мен Bayerische Flugzeugwerke, Тюрингтегі Fahrzeugfabrik Eisenach. Авиациялық қозғалтқыш өндіруші Rapp Motorenwerke 1916 жылы Bayerische Motorenwerke деп тіркелді де, 1923 жылы компания өз өнімдерімен қатар мотоцикл шығара бастады. 1929 жылы BMW Dixi лицензиясы бойынша Austin7 автокөліктерін құрастыратын Fahrzeugfabrik Eisenach компаниясын сатып алып, автокөлік өндірісін кеңейте түсті. Сөйтіп, BMW-нің алғашқы автокөлігі BMW Dixi деп аталды.

BMW жаһанға жұп-жұмыр дизайны, ғажайып салтанаты және жоғары сапалы өнімділігімен әйгілі. Компанияда 125000-нан астам қызметкер жұмыс істейді, жыл сайын нарыққа шамамен 2,4 млн автокөлік шығарады және 95 млрд € пайда көреді. Компанияның нарықтағы көшбасшылығын автомобиль, мотоцикл және авиациялық қозғалтқыш өндірісі құрайды. BMW Group компаниясын жетістікке жеткізген факторлардың бірі – инновациялар және олар BMW өнімдерінің барлық желілеріне енгізіледі. BMW компаниясы бірегейлігінің маңызды тұсы – болашаққа бетбұрыс, аянбай еңбектену және жаһандық табысқа қол жеткізу деп тұжырымдайды. Аталмыш компания әйгілі BMW брендімен қатар, атақты Rolls-Royce, теңдессіз MINI брендтерін қамтиды. BMW мен «көлік жүргізу ләззаты» – егіз ұғым, тіпті дәл осындай көлігі жоқ жүргізушілер де оған тамсанады! BMW көлігінің желдей жүйткүй, спортқа бейімдігі, жаңашыл инновациялары мен тартымды дизайнының үздік үйлесімі жүргізу рақатын сыйлайды. Автокөліктердің бірқатар модельдері сияқты, оның бірден-бір ерекшелігі – «көлік жүргізу ләззатын» келесі сағыға көтеретін «М» модельді үлгілері. BMW «М» бастапқыда BMW-ның жарыс бағдарламасын жеңілдету үшін жасалған, бірақ содан бері BMW автокөліктерінің портфолиосына жоғары жиынтықталған арнайы функциялармен шоғырланған қосымша ретінде енді. BMW M – танымал автоспорт мұрасының бір тармағы, сондай-ақ ең соңғы толықтырулар енгізілген BMW M760 желісінің жоғары өнімділігін білдіреді. Бұл – 7 сериялы көліктер мен Rolls-Royce Ghost бастапқы деңгейінің арасындағы алшақтықтан арылтатын, BMW және Rolls-Royce-ты қосатын эволюциялық байланыс.

Rolls-Royce – әлемдегі эксклюзив люкс санатындағы автокөлік бренді. Осы брендтің беделін ұзақжылдық тарихы мен бай дәстүрі қалыптастырды. Rolls-Royce шексіз билік, сән-салтанат, сапа мен мінсіз қасиет береді. Бастапқы деңгейдегі Rolls Royce Ghost бағасы 250 000 долларға бағаланды, ал қалған модельдер осы бағадан жоғарылай береді. Rolls Royce өзінің алғашқы эксперименттерінен бастап үнемі жетілдіріп отыратын мінсіздікке негізделген сән-салтанатты паш етті. Дүние жүзіндегі керемет сәнді автокөлік өндіруші беделіне лайық болу үшін ең жоғарғы сапа мен талғампаз шеберлікті қамтитын мінсіздік, тіпті майда бөлшектерді де ескереді. Rolls-Royce сияқты, MINI түп-тамыры Біріккен Корольдықтан шыққан.

MINI – шағын автокөлік жасауға маманданған, BMW-нің қол астындағы автомобиль бренді. MINI автокөліктерінің шағын платформасы тәжірибені барынша кеңейтіп, маңызды мәселелерге ерекше көңіл бөледі. Ұзақ уақыт бойы ойластырылған айрықша дизайн мен ақылды шешім қалада көлік жүргізуді ыңғайлы етеді және тұтынушылардың жеке қажеттіліктерін қанағаттандырады. Жарыста аты аңызға айналған британдық Джон Купердің құрметіне аталған MINI Cooper – осы брендтің ең танымал моделі. MINI – Cooper желісі британдық классикалық мини-автокөліктің ізбасары, сондай-ақ нағыз неміс машина жасау өнеркәсібі мен конструкциясының спорттық үйлесімі керемет көрініс тапқан. MINI командасының айтуынша, олар MINI көліктері ұсынатын көтеріңкі көңіл күй, еркіндік және даралықтан ләззат алатын 20 мен 30 жас аралығындағы ауқатты қала тұрғындарына немесе қалада тұратын колледж студенттеріне бағытталған! Дәулетті қала тұрғындарының назарын MINI-ге аудару немесе BMW не Rolls-Royce-тың әлдеқайда бай клиенттерінің көңілінен шығу үшін, BMW Group көшбасшылары компанияның болашақ бөлшек сауда стратегиясын құру мақсатында автокөлік өнеркәсібі аясынан тыс брендтерді зерттеді. Осыдан «Өнім дарындылығы» енгізілді. Автокөлік сарапшылары BMW өнімінің дарындылығын айқындайды. Олар тұтынушылардың талғамы мен таңдауына және клиенттің кез келген сауалына жауап беріп, ақпаратпен қамтамасыз етуге арнайы уақыт бөледі. Нәтижесінде, автокөлікті сатып алу туралы келісім жасалғаннан бастап клиенттің көңілі толғанға дейінгі «өнімділікті» өзгертеді, сонымен қатар автосалонға келген клиенттерді ыңғайсыз сезімнен арылтып, көңіл қошын көтереді.



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке
Тарау: 1. Жаһандану жағдайындағы халықаралық бизнес
Дәріс: 1. Жаһандану

Жаһандану дегеніміз не?

Жаһандану – әлдеқайда интеграцияланған және өзара байланысқан әлемдік экономикаға бетбұрыс. Жеке ұлттық экономикалық бірліктердің бір ірі ғаламдық нарыққа бірігу процесі.

Нарықтың жаһандануы

Нарықтың жаһандануы дегеніміз – тарихи қалыптасқан және дербес ұлттық нарықтардың алып бір ғаламдық нарыққа бірігуі. Трансшегаралық сауда және инвестициялар үшін кедергілердің жойылуы сауда-саттықты халықаралық деңгейде жеңілдетеді. Түрлі елдердегі тұтынушылардың талғамдары мен таңдаулары белгілі бір жаһандық нормаға жақындап келеді, осылайша жаһандық нарықтың қалыптасуына атсалысады. Бұл тұжырым біраз уақыттан бері айтылып жүр. Citigroup-тың несие карталары, Coca-Cola алкогольсіз сусындары, видеоойындар, McDonald's гамбургерлері, Starbucks кофесі, IKEA жиһазы және Apple iPhone-дары сияқты тұтынушылық өнімдер осы трендтің түпнұсқа үлгілері ретінде жиі ауызға алынады. Бұл өнімдерді шығаратын фирмалар аталған процестердің қолдаушысы ғана емес, сондай-ақ оның қамқоршылары іспетті. Әлемде бірдей ортақ өнімді ұсыну арқылы олар жаһандық нарықтың құрылуына үлес қосады.

Нарықтың жаһандануынан пайда көру үшін, компания көпұлтты алыптармен иық теңестіруге міндетті емес. Мысалы, Халықаралық сауданы басқару комиссиясының мәліметтері бойынша, 2017 жылы АҚШ-та жұмысшыларының саны 500-ден кем 300 мыңнан астам шағын және орта фирмалар өз өнімдерін экспортқа шығарып, сол жылы экспортқа өнім шығарған компаниялардың 98%-ын құрады. Жалпы, шағын және орта фирмалардың экспорты АҚШ-тың экспортталатын өнеркәсіптік тауарларының 33%-ын құрайды. Олардың ішінде Нью-Йорктің B&S Aircraft Alloys компаниясының экспорты жылдық табыстың 40%-ын құрайды, ол 8 млн долларға тең. Басқа елдерде де дәл осындай жағдай қалыптасқан. Айталық, Германияда шағын және орта кәсіпорындардың 98%-ы экспорт немесе халықаралық өндіріс арқылы халықаралық нарықтарға шығады. 2009 жылдан бері Қытай – әлемдегі ең ірі экспорттаушы, былтыр әлем елдеріне 2 трлн доллардан астам өнімдер мен қызметтерді экспорттады.

Жаһанданудың қозғаушы күштері

Ауқымды жаһандану негізінде екі макрофактор қарастырылады. Біріншісі – соңғы онжылдықта тауарлардың, қызметтердің және капиталдың еркін ағынына қатысты кедергілердің азаюы. Екінші фактор – технологиялық өзгерістер, әсіресе коммуникация, ақпарат өңдеу және тасымалдау технологияларындағы оқыс оқиғалар.

Сауда және инвестициялық кедергілердің азаюы

1920–1930 жылдары әлемнің көптеген мемлекеттері халықаралық сауда мен шетелдік тікелей инвестицияларға бірталай кедергі келтірді. Фирма өзінің тауарларын немесе қызметтерін басқа елдегі тұтынушыларға экспорттағанда, халықаралық сауда жасалады. Компания шетелдегі бизнеске инвестиция салғанда, тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) пайда болады. Халықаралық саудадағы кедергілердің көптігінен өнеркәсіп тауарларының импортына жоғары тарифтер қойылды. Әдетте мұндай тарифтердің мақсаты – отандық өнеркәсіпті шетелдік бәсекелестіктен қорғау. Алайда мұндай әрекеттің салдарынан «көршілер жауап ретінде» бір-біріне қарсы сауда кедергілерін біртіндеп көбейте бастады. Нәтижесінде, бұл әлемдік сұранысты азайтып, 1930 жылдардағы Ұлы депрессияға әкеп соқтырды.

Осы тәжірибеден сабақ алған Батыстың озық индустриалды елдері Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін тауарлар мен қызметтердің және капиталдың еркін ағынына қойылған



кедергілерді өзара қысқартуға міндеттемелер алды. Бұл мақсат-міндет Тарифтер және сауда туралы бас келісімде бекітілген болатын. ГАТТ аясында мүше-мемлекеттер арасында тауарлар мен қызметтердің еркін ағынын жүзеге асыру үшін мардымсыз кедергілерді белгілеу туралы келіссөздердің сегіз раунды жұмыс істеді. Келіссөздердің бірінші раунды 1948 жылы күшіне енді. Уругвай раунды деп аталған соңғы келіссөздер толықтырылып, 1993 жылдың желтоқсанында аяқталды. Уругвай раунды сауда кедергілерін одан ары кемітті; сондай-ақ ГАТТ қызметтер мен өнеркәсіп өнімдерін қамту аясын кеңейтті; патенттердің, сауда белгілері және авторлық құқықтардың қорғалуын күшейтуді қамтамасыз етті; Дүниежүзілік сауда ұйымын құрды.

Нарықтар мен өндірістің жаһандануы нәтижесінде әлемдік саудадағы тікелей шетелдік инвестициялардың және импорттың өсуі фирмалардың ішкі нарықтарында шетелдік бәсекелестердің шабуылына ұшырағанын білдіреді. Әсіресе бұл Қытайға қатысты: Apple, General Motors және Starbucks сияқты америкалық компаниялар жергілікті нарықта қанатын кең жаюда. Бұл соңғы отыз жылда General Motors пен Ford компанияларының нарықтағы үлесін жапондық автокөлік фирмалары жаулап алған Құрама Штаттарға да тән. Сондай-ақ кезінде Еуропада көш бастаған голландиялық Philips компаниясының тұрмыстық техника саласындағы нарықтық үлесін Жапонияның Panasonic пен Sony, Кореяның Samsung және LG компаниялары басып алды. Әлемдік экономиканың бірегей ауқымды нарыққа қарай өсіп келе жатқан интеграциясы өңдеуші өнеркәсіп пен қызмет көрсету салаларындағы бәсекелестік қарқынын арттырады.

Алайда трансшегаралық сауда мен инвестициялар үшін кедергілердің азаюы қалыпты немесе міндетті деп қабылданбауы қажет. Келесі бөлімдерден көретініміздей, шетелдік бәсекелестерден «қорғау» талаптары әлі күнге дейін бүкіл әлемде, тіпті Құрама Штаттарда да кездеседі. 1920–1930 жылдардағы шектелген сауда саясатына қайта оралу екіталай десек те, индустриалды дамыған әлемде сауда кедергілерінің одан ары төмендеуіне саяси жұртшылықтың ықпал ете алатыны күмәнді. Шын мәнінде, 2008–2009 жылдардағы жаһандық қаржы дағдарысы және осыған байланысты жаһандық өндірістің қысқаруы ел ішіндегі жұмыс орындарын қорғау үшін сауда кедергілерінің ұлғаюына түрткі болды. Егер сауда кедергілері азаймаса, нарық пен өндірістің жаһандану деңгейі бәсеңдеуі мүмкін.

Технологиялық өзгерістердің рөлі

Сауда кедергілерінің азаюы нарықтардың және өндірістің жаһандануын теориялық тұрғыда жүзеге асырады. Ал технологиялық өзгерістер оны нақты шындыққа айналдырды. Жыл сайын коммуникация, ақпарат өңдеу мен тасымалдау технологиялары саласында тың және ірі жаңалықтар, оның ішінде «қолданбалы интернеттің» шұғыл пайда болуы сияқты жетістіктерге қол жеткізеді.

Қолданбалы интернет

1994 жылы алғашқы веб-браузер енгізілгеннен бастап интернеттің қарқынды дамуы – «қолданбалы интернет» деп аталатын құбылыстың соңғы көрінісі. Шамамен 30 жылға кері шегінсек, 1990 жылы интернетке 1 миллионнан астам адам қосылған. 1995 жылдары бұл көрсеткіш 50 миллионға дейін өсті. 2017 жылға қарай интернет 3,8 миллиард пайдаланушыны немесе дүниежүзі халықтарының 51%-ын қамтыды. Осылайша, 2017 жыл әлем халқының жартысынан астамы интернет пайдаланушыларына айналған алғашқы жыл болды. Интернеттің жаһандық экономиканың ақпараттық негізін қалағаны таңғаларлық жайт емес. Тек Солтүстік Америкада электрондық коммерцияның бөлшек сатылымдары 2020 жылға қарай 520 млрд доллардан асуы мүмкін, ал жаһандық электрондық коммерцияның сатылымы 2017 жылы алғаш рет 2 трлн доллардан асты. Жаһандық деңгейде қарастыратын болсақ, интернет – теңестіруші құрал. Ол орналасу орны, ауқымы және уақыт белдеулеріндегі кейбір шектеулерді жояды. Сатып алушылар мен сатушылардың орналасқан орны мен көлеміне қарамастан,



интернет олардың бір-бірін табуын әлдеқайда жеңілдетеді. Бұл шағын және ірі бизнестің әлемдік нарыққа шығу құнын бұған дейінгі құнынан әлдеқайда төмен бағамен кеңейтуге мүмкіндік береді. Осының нәтижесінде өндірістің жаһандық таралу жүйесін үйлестіру мен бақылауды кәсіпорындардың 25 жыл бұрын мүмкін болмаған тәсілдермен жүргізуі өте маңызды.

Тасымалдау технологиялары

Байланыс технологияларының дамуымен қатар, 1950 жылдардан бері тасымалдау технологияларында бірнеше ірі инновация жасалды. Экономикалық тұрғыда коммерциялық реактивті ұшақтар мен алып жүк кемелерін дамытуды және жүк тасымалдайтын көліктің бір түрінен екіншісіне қайта тиеуді жеңілдететін контейнерлік тасымалдауларды енгізу аса маңызды болып келеді. Коммерциялық ұшақтардың пайда болуы бір жерден екінші жерге қатынауға қажетті уақытты қысқартты, тіпті жер шары да кішірейіп қалған сияқты. Ал саяхаттауды уақыт тұрғысынан қарастырсақ, қазір Нью-Йорк отарда болған кездегі Филадельфияға қарағанда Токиоға жақынырақ.

Контейнерлеу тасымал бизнесінде төңкеріс жасады, бұл жүкті алыс жерлерге тасымалдау шығындарын әжептәуір қысқартты. Халықаралық кеме тасымалы әлемдік саудадағы тауарлардың 90%-ына жауапты болғандықтан, бұл – өте елеулі оқиға. Контейнерлеудің пайда болуына дейін тауарды бір көлік түрінен екіншісіне ауыстырудың еңбек сыйымдылығы жоғары, өте ұзақ және қымбат болған. Кемеден жүк түсіру мен тауарларды пойызға немесе тасымалдайтын жүк көліктеріне қайта тиеу үшін бірнеше күн және жүздеген жұмысшы қажет еді. 1970–1980 жылдары кең ауқымды контейнерлеу пайда болғаннан кейін, аталған бүкіл процесті порттың жүк тиеуші жұмысшылары бірнеше күнде еңсеретін. Контейнерлеуге байланысты тиімділіктің артуы нәтижесінде көлік шығындары күрт азайды, бұл тауарларды дүниежүзіне тасымалдау құнын әлдеқайда үнемдеп, нарықтар мен өндірістің жаһандануына септігін тигізуде. 1920 жылдан 1990 жылға дейін АҚШ-тың экспорттық және импорттық жүктерінің әрбір тоннасына жұмсалатын мұхиттағы жүк және порт төлемдерінің орташа көлемі 95 доллардан 29 долларға дейін төмендеді. Бүгінгі таңда Азиядан Еуропаға 20 тоннадан астам жүк жеткізетін 20 футтық контейнерді тасымалдаудың құны шамамен бір жолаушының сол бағытқа эконом санаттағы авиабилет құнымен бірдей.

Жаһандану және әлемдегі кедейлік

Жаһандануды даттаушылардың пікірінше, еркін сауда мен инвестициялардың болжамды пайдасына қарамастан, шамамен соңғы 100 жылда әлемнің бай және кедей елдері арасындағы айырмашылық ұлғая түсті. 1870 жылы дүниежүзіндегі ең бай 17 мемлекеттегі халықтың жан басына шаққанда орташа табысы барлық басқа елдердегі көрсеткіштерден 2,4 есе артық болды. 1990 жылы осы топ қалған елдерден 4,5 есеге баи түсті. 2017 жылы құрамына әлемдегі бай мемлекеттердің біразы кіретін Дүниежүзілік Экономикалық Ынтымақтастық және Даму Ұйымының (ЭЫДҰ) 34 мүше-мемлекетінде бір адамға шаққанда жалпы ұлттық табыстың (ЖҰТ) орташа деңгейі 40000 доллардан астам болды, ал әлемнің ең нашар дамыған 40 елінде жан басына шаққандағы ЖҰТ көлемі 1000 \$ болған. Олай болса, бұл дүниежүзіндегі ең бай 34 елдегі жан басына шаққандағы табыс деңгейі әлемнің ең кедей 40 еліндегі жан басына шаққандағы табыс деңгейінен 40 есе артық екенін білдіреді.

Оңтүстік-Шығыс Азияның Оңтүстік Корея, Тайланд және Малайзия елдерінде түбегейлі өзгерістер орын алды, таяуда ғана кедей елдердің экономикалық өсу қабілеті артты, десе де әлемнің мешуе елдерінде терең тоқырау байқалады. Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ-сі 1000 долларға жетпейтін елдердің төрттен бірінде өсу қарқыны нөлден төмен, ал үштен бірінде өсу қарқыны 0,05%-дан кем болған. Сыншылардың ойынша, жаһандану позитив даму болса, онда байлар мен кедейлер арасында пәлендей айырмашылық болмауы керек.



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 1. Жаһандану жағдайындағы халықаралық бизнес

Дәріс: 1. Жаһандану

Экономикалық тоқыраудың себептері сан алуан болғанымен, еркін сауда немесе жаһанданумен ешқандай байланысы жоқ бірнеше фактор ерекшеленеді. Дүниежүзіндегі ең кедей елдердің бірталайы тоталитарлық үкіметтерден, байлыққа жетелеудің орнына кері тартатын экономикалық саясаттан, жаппай жемқорлық, меншік құқығының нашар қорғалуы және ұзаққа созылған азаматтық соғыстардан зардап шекті. Мұндай факторлардың түйісуі Ауғанстан, Куба, Гаити, Ирак, Ливия, Нигерия, Судан, Сирия, Солтүстік Корея және Зимбабве сияқты елдердің соңғы онжылдықтарда өз азаматтарының экономикалық жағдайын неліктен жақсартпағандығын түсіндіреді. Осы елдердің көбінде халық санының тез өсуі де жағдайды шиеленістіріп отыр. Үкіметте түбегейлі өзгеріс болмаса, халық санының қарқынды өсуі елдегі мәселелерді қиындатады. Еркін сауда белсенділерінің пайымдауынша, аталған елдердің жағдайын жақсартудың ең оңтайлы жолы – еркін сауда мен инвестиция тосқауылдарын азайту, сондай-ақ еркін нарықтық экономикаға негізделген экономикалық саясатты жүзеге асыру.

Әлемнің кедей халықтарының көпшілігі қарыз ауыртпалықтарынан етек-жеңін жия алмайды. 700 млн-ға жуық адам тұратын 40 немесе одан да көп «қарыз көлемі өте жоғары кедей елдер» (ҚкӨЖКЕ) ерекше алаңдаушылық туғызады. Осы елдерде мемлекеттік қарыздың орташа мөлшері сол елдердің экономикасы көлемінің 85%-нан артты, ал мемлекеттік қарызды өтеу бойынша жылдық шығындар елдің экспорттық түсімдерінің 15%-ын құрайды. Мұндай борыш жүктемесінің салмағы ауыр, сондықтан ел үкіметтері білім, денсаулық сақтау, жолдар және билік сияқты маңызды мемлекеттік инфрақұрылымдық жобаларға инвестиция салуда қаражаттан тапшылық көреді. Нәтижесінде, ҚкӨЖКЕ экономикалық дамуды тежеп отырған кедейлік пен қарыздың шырмауында қалды. Кей адамдардың айтуынша, еркін сауда ғана бұл елдердің кедейліктен арылуына жәрдемдесетін жалғыз қажетті, бірақ жеткіліксіз алғышарт болып есептеледі. Сондықтан әлемнің кедей елдерінің экономикаларын қайта қалыптастыруға және жандандудың ұзақ жолын бастауға мүмкіндік беру үшін, қарыздарды кең ауқымда жеңілдету талап етіледі. Қарызды жеңілдетуді жақтаушылардың пайымдауынша, жаңа демократиялық мемлекеттерді жемқор және диктатор болған алдыңғы басшыларының қарызын төлеуге мәжбүрлеу керек.

1990 жылдардың соңында қарыз ауыртпалығын жеңілдету қозғалысы әлемнің бай елдеріндегі саяси истеблишмент арасында нығая түсті. Ирландық рок-жұлдыз Боно, Далай-лама және Гарвардтың беделді экономисі Джеффри Сакстың қолдауымен қарыз ауыртпалығын жеңілдету бойынша қозғалыс 2000 жылы АҚШ-та заңнама қабылдауға түрткі болды, бұл заңнама аясында ҚкӨЖКЕ үшін қарыз ауыртпалығын жеңілдетуге АҚШ 435 млн \$ ұсынды. Ең маңыздысы, Америка Құрама Штаттары ХВҚ-ның алтын қорларының біршамасын сатуға және қарыз ауыртпалығын жеңілдету үшін қомақты қаражатты пайдалануға арналған жоспарды қолдады. ХВҚ мен Дүниежүзілік банк бүгінгі таңда оң бастама көтеріп, қарыз ауыртпалығын жеңілдету бойынша жүйелі бағдарламаға кірісті. Алайда мұндай бағдарламаның ұзақмерзімді әсері болуы үшін, қарыз ауыртпалығын жеңілдету экономикалық өсуге септігін тигізетін қоғамдық жобалар салмақты инвестициялармен, сондай-ақ инвестиция мен саудаға септігін тигізетін экономикалық саясатпен ілесе жүруі тиіс. Осы орайда 2005 жылдың маусымында, әлемнің ең бай бірнеше экономикасының қаржы министрлері ҚкӨЖКЕ қарыздарын жоюға 55 млрд \$ көлеміндегі қомақты қаражатты Дүниежүзілік банк пен ХВҚ-ға беруге келісті. Негізгі мақсат – ҚкӨЖКЕ-ге қарыздар бойынша төлемдерін денсаулық сақтау мен білім беру салаларына және кедейлік ауқымын қысқарту бағдарламаларына қайта бағыттауына мүмкіндік беру.

Әлемнің ең бай мемлекеттері әлемнің ең кедей елдері өнімдерінің импортына белгіленген кедергілерді, әсіресе ауылшаруашылығы өнімдері мен тоқыма бұйымдарына импорттық тарифтерді төмендету арқылы да көмектесе алады. Жоғары тарифтік тосқауылдар мен саудаға тосқауыл келтіретін басқадай кедергілер кедей елдердің ауылшаруашылық өнімдерінің айтарлықтай бөлігін экспорттауды қиындатады. Дүниежүзілік сауда ұйымының дерегі бойынша, әлемнің дамыған елдері ауылшаруашылық өндірушілеріне берілетін субсидияларды жойып, ауылшаруашылығындағы сауданың тарифтік кедергілерін алып тастаса, бұл әлемдік экономикалық ахуалды 128 млрд долларға арттырар еді, ал оның 30 млрд доллары қарызға белшеден батқан кедей елдерге түседі. ДСҰ мәліметтеріне сәйкес, ауылшаруашылығындағы сауданың кеңейуіне байланысты қарқынды өсу тұрмысы төмен адамдардың санын айтар-



Кітап: Халықаралық бизнес. Жаһандық нарықтағы бәсеке

Тарау: 1. Жаһандану жағдайындағы халықаралық бизнес

Дәріс: 1. Жаһандану

лықтай азайтуы мүмкін. Бай және кедей елдер арасындағы үлкен айырмашылық жер мен көктей болса да, жағдайдың оңалып келе жатқаны байқалады. 2015 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Орнықты даму мақсаттарын қабылдады. Бұл әлем үшін экономика мен адам дамуы саласындағы 17 мақсатты белгіледі. Жалпы, жаһандану және трансшекаралық сауда мен инвестицияларға тосқауыл болатын төмен кедергілер осы керемет жетістіктерге қол жеткізудің негізгі факторлары деген қорытындыдан бас тарту қиын.

Қорытынды

1. Соңғы отыз жылда нарықтар мен өндірістің жаһандануына куә болдық.
2. Нарықтардың жаһандануы ұлттықтан алып бір нарыққа бірігуін білдіреді. Алайда бұл қатып қалған көзқарас емес.
3. Өндірістің жаһандануы фирмалардың жеке өндірісті белгілі бір іс-әрекетті жүзеге асыру үшін әлемнің оңтайлы жерлеріне орналастыруын ұйғарады. Нәтижесінде, америкалық өнімдер, жапондық өнімдер немесе неміс өнімдері өзектілігін жоғалтады, себебі оларды «жаһандық» өнімдер алмастырады.
4. Жаһандану процесінің екі факторын атап айтуға болады: сауда кедергілерінің төмендеуі және байланыс, ақпарат, транспорттық технологиялардың өзгеруі.
5. Екінші Дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін тауарлар, қызметтер және капиталдың еркін ағыны жолындағы кедергілер әжептәуір азайды. Сонымен қатар бұл өндірістің жаһандану процесіне жол ашты және фирмаларға әлемді бірыңғай нарық ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.
6. Өндіріс пен нарықтың жаһандануы нәтижесінде соңғы онжылдықта әлемдік сауда көлемі әлемдік өндіріс көлемімен салыстырғанда тезірек өсті, тікелей шетелдік инвестициялар ұлғайды, импорт әлемдік өнеркәсіптік елдерге тереңірек еніп, ал өнеркәсіптегі бәсекелестік қысым күшейе түсті.
7. Микропроцессорлар және соларға байланысты ақпарат өңдеу мен байланыс технологиялары саласындағы өрге жүзудің нәтижесінде фирмалар дүниежүзіндегі операцияларын күрделі ақпараттық желілермен байланыстыра алады. Жол жүру уақытын қысқартатын реактивті әуе саяхаттары да халықаралық бизнестің бүкіл әлемдегі операцияларын байланыстыруға үлес қосуда. Бұндай өзгерістер фирмаларға бүкіл әлемдегі операцияларын тиянақты үйлестіруге және әлемді бірыңғай нарық ретінде қарастыруға мүмкіндік берді.
8. 2000 жылдарға қарай АҚШ-тың әлемдік өндірістегі үлесі екі есе азайды, қазір Батыс Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия экономикаларының үлесі басым. Әлемдік тікелей шетелдік инвестициялардағы АҚШ-тың үлесі шамамен үштен екіге төмендеді. Бүгінгі таңда АҚШ-тың көптеген көпұлтты компаниялары жапондық және еуропалық көпұлтты компаниялар бәсекесіне тап болды. Сонымен қатар мини-көпұлтты компаниялар пайда болды.
9. Соңғы 30 жыл ішінде орын алған ең маңызды оқиғалардың бірі – Шығыс Еуропада коммунизмнің құлдырауы, бұл халықаралық бизнеске мол мүмкіндіктер ашты. Сонымен қатар Қытай мен Латын Америкасындағы елдердің еркін нарықтық экономикаға көшуі батыстық халықаралық бизнеске жол ашты.
10. Қалыптасып келе жатқан жаһандық экономиканың пайдалары мен шығындары іскер адамдар, экономистер мен саясаткерлер арасында қызу талқылануда. Пікірталас: жұмыс орындары, еңбекақы, қоршаған орта, еңбек шарттары, ұлт егемендігі және әлемдегі ең кедей елдердегі кедейлік жағдайына жаһанданудың тигізетін әсері төңірегінде өрбіді.
11. Халықаралық бизнесті басқару жергілікті бизнесті басқарудан кем дегенде төрт сипаттама бойынша ерекшеленеді: (а) елдер әртүрлі, (ә) менеджерлердің халықаралық бизнесте бетпестелетін мәселелерінің ауқымы жергілікті бизнесте кездестіретін мәселелерге қарағанда кеңірек және әлдеқайда күрделі, (б) халықаралық бизнес мемлекеттің халықаралық сауда мен инвестиция жүйелеріне араласуы жолымен бекітілген аймақта жұмыс істеу жолдарын іздестіруге тиіс және (в) халықаралық транзакциялар қаражаттың түрлі валюталарға ауыстырылуын қамтамасыз етеді.